

Қаратөбе аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 тамыздағы № 34-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қыркүйекте № 4022 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 2-12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ордасы аудандық мәслихаттың 22.04.2016 № 2-12 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 29-2 " 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3756 тіркелген, 2015 жылғы 23 қаңтардағы "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджет 1, 5-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2015 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 322 181 мың теңге:

салықтық түсімдер – 201 207 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 7 410 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 50 мың теңге;

трансферттер түсімі – 2 113 514 мың теңге;

2) шығындар – 2 321 787 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 45 458 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 59 460 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 002 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 7 863 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 7863 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -52 927 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 52 927 мың теңге:

қарыздар түсімі – 59 460 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 14 002 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 7 469 мың теңге.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. 2015 жылға арналған аудандық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына және осы шешімнің 4-тармағына сәйкес қалыптастырылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 11, 12, 15, 17, 19-баптары мәліметке және басшылыққа алынсын:

1) 2015 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің жалпы сомасы – 224 322 мың теңге, оның ішінде:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға, оның ішінде еңбекақы жүйесінің жаңа моделінің деңгейіне сәйкес еңбекақы мөлшерін жеткізуге – 25 648 мың теңге;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыларын арттыруға – 17 415 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 315 мың теңге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 1 503 мың теңге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 42 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге – 1 076 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге – 4 393 мың теңге, соның ішінде:

біржолғы материалдық көмек көрсетуге – 4 350 мың теңге;

материалдық көмекті төлегені үшін екінші деңгейдегі банктерге комиссиялық сыйақы – 43 мың теңге;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық

айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 100 484 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер – 59 460 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға – 1 933 мың теңге;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға – 7 863 мың теңге;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға – 853 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдарының агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға – 3 337 мың теңге;

2) 2015 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 141 989 мың теңге көлемінде ескерілсін, соның ішінде:

Егіндікөл ауылындағы 424 оқушыға арналған мектепті күрделі жөндеуге (түзету) – 11 348 мың теңге;

Қаратөбе ауылындағы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы саябақты абаттандыруға – 8 583 мың теңге;

Қаратөбе ауылындағы ауылішілік су бұру желісін қайта құруға (түзету) – 45 014 мың теңге;

табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін техника сатып алуға – 21 624 мың теңге;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге – 11846 мың теңге;

жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдауға – 870 мың теңге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілері мен сілтегіштерін орнатуға – 18 мың теңге;

Қаратөбе ауылының бас жоспарын әзірлеуге – 7058 мың теңге;

аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстауға – 24 000 мың теңге;

балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру – 11 628 мың теңге.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет,

спорт және ветеринария мамандарына қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықақы мен тарифтік ставкаларын 25%-ға көтеру белгіленсін".

аталған шешімнің 1 және 5-қосымшалары осы шешімнің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Ж. Жангазиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

Г. Тлеуғалиева

Б. Тойшыбаев

Қаратөбе аудандық
мәслихатының
2015 жылғы 12 тамыздағы
№ 34-2 шешіміне
1-қосымша
Қаратөбе аудандық
мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 29-2 шешіміне
1-қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджет

МЫҢ ТЕНГЕ

Санаты			Сомасы
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Ерекшелігі			
		Атауы	
		1) Кірістер	2 322 181
1		Салықтық түсімдер	201 207
	01	Табыс салығы	91 048
	2	Жеке табыс салығы	91 048
	03	Әлеуметтік салық	89 537
	1	Әлеуметтік салық	89 537
	04	Меншікке салынатын салықтар	18 772
	1	Мүлікке салынатын салықтар	4 050
	3	Жер салығы	2 460
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	10 812
	5	Бірыңғай жер салығы	1 450

05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 450
	2	Акциздер	280
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	30
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 140
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	400
	1	Мемлекеттік баж	400
2		Салықтық емес түсімдер	7 410
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 510
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5 510
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 900
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 900
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	50
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	50
	1	Жерді сату	50
4		Трансферттердің түсімдері	2 113 514
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 113 514
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 113 514
Функционалдық топ			
	Функционалдық кіші топ		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы
	Бюджеттік бағдарлама		
	Атауы		
	2) Шығындар		2 321 787
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	219 026
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	170 148
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 109
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 900
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	209
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	55 585
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	55 315
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	270
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	98 454
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	90 865
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 589

2		Қаржылық қызмет	3 560
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 560
		028 Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	3 560
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	45 318
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	32 240
		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 036
		013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 204
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13 078
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 828
		015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
02		Қорғаныс	5 148
	1	Әскери мұқтаждар	4 148
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 148
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4 148
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 000
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 000
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 000
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 284
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер	1 284
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 284
		021 Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1 284
04		Білім беру	1 477 180
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	144 342
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	144 342
		009 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	111 745
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	32 597
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1 265 161
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 351
		005 Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	1 351
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	12 449
		017 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	12 449
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 251 361

		003 Жалпы білім беру	1 184 801
		006 Балаларға қосымша білім беру	66 560
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	67 677
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	67 677
		001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 455
		004 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	3 082
		005 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18 118
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	235
		015 Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	4 129
		029 Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	13 385
		067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	23 273
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	0
		037 Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	0
05		Денсаулық сақтау	389
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	389
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	389
		002 Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	389
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	144 205
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	870
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	870
		030 Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	870
2		Әлеуметтік көмек	127 192
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	127 192
		002 Жұмыспен қамту бағдарламасы	28 540
		005 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 615
		006 Тұрғын үйге көмек көрсету	1 200
		007 Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	33 500
		010 Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 741
		014 Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	16 907
		016 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	26 403
		017 Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	9 076

		023 Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	1 860
		052 Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	4 350
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	16 143
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	16 083
		001 Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 647
		011 Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 702
		021 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	734
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	60
		050 Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	60
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	112 332
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	22 884
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 184
		004 Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	600
		041 Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	8 584
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	11 348
		026 Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	11 348
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2 352
		003 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	1 933
		004 Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	419
2		Коммуналдық шаруашылық	69 708
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	69 708
		005 Коммуналдық шаруашылығын дамыту	23 800
		058 Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	45 908
3		Елді-мекендерді абаттандыру	19 740
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	19 740
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9 324
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 439
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8 977
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	215 671
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	102 122
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	102 122

		003 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	102 122
2		Спорт	24 388
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	17 729
		009 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	17 729
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	6 659
		008 Спорт объектілерін дамыту	6 659
3		Ақпараттық кеңістік	52 692
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9 930
		002 Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	9 930
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	42 762
		006 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	42 762
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	36 469
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	20 160
		001 Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 542
		003 Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	10 918
		032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	700
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	16 309
		001 Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 919
		014 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	529
		032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	6 861
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	81 018
	1	Ауыл шаруашылығы	37 154
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14 707
		099 Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	14 707
	460	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі	0
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	0
		003 Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	0
		006 Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	0
		012 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	0
		017 Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	11 407
		Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	

		001 жөніндегі қызметтер	4 170
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	512
		006 Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	654
		007 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 000
		008 Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	5 071
	477	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	11 040
		001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 016
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	43 864
	460	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі	0
		015 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	43 864
		011 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	43 864
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	18 066
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	18 066
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	18 066
		001 Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 578
		013 Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	7 188
		015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 300
12		Көлік және коммуникация	24 198
1		Автомобиль көлігі	24 198
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	24 198
		023 Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	24 198
13		Басқалар	23 113
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	7 262
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	7 262
		001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 262
9		Басқалар	15 851
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	15 351
		040 "Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	15 351
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	500
		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	

		012		500
14			Борышқа қызмет көрсету	0
	1		Борышқа қызмет көрсету	0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	0
15			Трансферттер	157
	1		Трансферттер	157
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	157
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	157
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	45 458
			Бюджеттік несиелер	59 460
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	59 460
	1		Ауыл шаруашылығы	59 460
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	59 460
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	59 460
Санаты				
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		Сомасы
		Ерекшелігі		
		Атауы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 002
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 002
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	14 002
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	7 863
Функционалдық топ				
	Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы
		Бюджеттік бағдарлама		
		Атауы		
			Қаржы активтерін сатып алу	7 863
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 863
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	7 863
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 863
		060	Мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайту	7 863
Санаты				
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		Сомасы
		Ерекшелігі		
		Атауы		
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-52 927
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	52 927
7		Қарыздар түсімдері	59 460
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	59 460
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	59 460
Функционалдық топ			
Функционалдық кіші топ			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Сомасы
		Бюджеттік бағдарлама	
		Атауы	
16		Қарыздарды өтеу	14 002
	1	Қарыздарды өтеу	14 002
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14 002
		005 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	14 002
Санаты			
Сыныбы			
		Ішкі сыныбы	Сомасы
		Ерекшелігі	
		Атауы	
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	7 469
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	7 469
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	7 469

2015 жылғы 12 тамыздағы Қаратөбе

аудандық

мәслихатының

№ 34-2 шешіміне

2-қосымша

2014 жылғы 24 желтоқсандағы Қаратөбе

аудандық

мәслихатының

№ 29-2 шешіміне

5-қосымша

Қаратөбе ауданы бойынша ауылдық округтер әкімі аппаратының 2015 жылға арналған бюджеттік бағдарламалары

№	001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ	"	002 "Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын	005 " Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды	008 "Елді мекендердегі көшелерді	009 "Елді мекендердің санитариясын	011 "Елді мекендерді абаттандыру мен	022 " Мемлекеттік органның
---	---	---	--	---	--	--	---	----------------------------------

	Ауылдық округтер атаулары	әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер"	денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру "	және кері алып келуді ұйымдастыру "	жарықтандыру "	қамтамасыз ету"	көгалдандыру "	күрделі шығыстары"
1	Қаратөбе ауылдық округі	20 132		1 351	6 000	1 000	5 700	250
2	Аққозы ауылдық округі	9 265	54		307		350	1 770
3	Егіндікөл ауылдық округі	11 053	51		350		350	
4	Жусандой ауылдық округі	10 583	59		824		350	1 870
5	Қаракөл ауылдық округі	8 399	55		320		350	1 770
6	Қоскөл ауылдық округі	8 892	55		598		350	
7	Саралжын ауылдық округі	10 178	58		560		350	1 870
8	Сулыкөл ауылдық округі	12 363	57		365	439	1 177	59
	Жиыны:	90 865	389	1 351	9 324	1 439	8 977	7 589